өнертанымдық өлкетану негізінде даярлаудың тиімді жолдарын анықтау болып табылады. Зерттеу әдістері: зерттеу барысында болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетануға даярлаудың тиімділігін анықтау үшін кешенді әдістер қолданылды. Алдымен тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерге теориялық талдау жүргізілді. Студенттердің қызығушылығы мен кәсіби даярлық деңгейін анықтау үшін сауалнама қолданылып, педагогикалық эксперимент барысында бастапқы (pre-test) және қорытынды (post-test) көрсеткіштер салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде студенттердің өнертанымдық өлкетануға қызығушылығы артқаны анықталды: өлкетану материалдарына қызығушылық танытқан студенттердің үлесі 43%-дан 79%-ға дейін өсті; ұлттық өнер элементтерін шығармашылық жұмыстарда қолдану деңгейі 41%-дан 82%-ға жетті. Сонымен қатар, студенттердің орташа жалпы ұпайы 56-дан 84-ке дейін көтерілді. Бұл нәтижелер ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мен мәдени-шығармашылық құзыреттілігінің жоғарылағанын көрсетті.

Түйін сөздер: өнертанымдық өлкетану, болашақ педагог, кәсіби даярлық, ұлттық өнер, шығармашылық құзыреттілік

© Матеева М.А.*, Ералин К., Буркитбаев Т., 2026.

Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова,
Шымкент, Казахстан.

E-mail: mateyeva.moldir1@okmpu.kz

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА К ИСКУССТВОВЕДЧЕСКОМУ КРАЕВЕДЕНИЮ

Матеева Молдир — докторант по образовательной программе 8D01407-«Подготовка педагога по изобразительному искусству и черчению», Южно-Казахстанского педагогического университета имени У. Жанибекова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: mateyeva.moldir1@okmpu.kz, <https://orcid.org/0009-0001-8922-9121>;

Ералин Қуандық — доктор педагогических наук, профессор кафедры Профессионального обучения и изобразительного искусства, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: Kuandikbei@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1669-0101>;

Буркитбаев Талгат — кандидат педагогических наук, преподаватель кафедры Профессионального обучения и изобразительного искусства, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: Talgat.62@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5105-9975>.

Аннотация. В статье рассматривается процесс подготовки будущих учителей искусств в современной системе образования, который не ограничивается формированием профессиональных и предметных знаний, а направлен на развитие историко-культурного сознания, совершенствование эстетического вкуса и раскрытие творческого потенциала обучающихся. В этой связи искусствоведение и краеведение выступают значимыми направлениями

подготовки педагогических кадров. Интеграция в образовательный процесс истории искусств, народных промыслов и регионального культурного наследия способствует не только обогащению духовного мира студентов, но и повышению их профессиональной компетентности. Кроме того, использование интегрированных подходов и современных технологических средств обучения обеспечивает развитие прикладных умений и навыков, а также способствует комплексной подготовке будущих учителей к профессиональной деятельности. Целью исследования является выявление эффективных подходов к подготовке будущих учителей искусств на основе интеграции искусствоведения и краеведения. В исследовании применён комплекс теоретических и эмпирических методов. Проведён анализ научной литературы по теме исследования, анкетирование для определения уровня интереса и профессиональной подготовки студентов, а также педагогический эксперимент, в рамках которого сопоставлялись предтестовые и посттестовые показатели. Результаты исследования показали значительное повышение интереса студентов к искусствоведению и культурологическим дисциплинам: доля обучающихся, проявляющих интерес к краеведческому материалу, увеличилась с 43% до 79%, а уровень использования элементов национального искусства в творческих работах - с 41% до 82%. Средний общий балл студентов также возрос с 56 до 84. Полученные результаты подтверждают эффективность предложенной методики и свидетельствуют о повышении уровня профессиональной подготовки и культурно-творческой компетентности будущих учителей изобразительного искусства.

Ключевые слова: художественно-познавательное краеведение, будущий учитель, профессиональная подготовка, национальное искусство, творческая компетентность

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлау үдерісі тек кәсіби-пәндік білім берумен шектелмей, олардың тарихи-мәдени санасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын жетілдіруге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуда. Осы тұрғыдан алғанда өнертанымдық өлкетану – болашақ мұғалімдерді даярлаудың ерекше мәнге ие құрамдас бөлігі. Өнер тарихын, ұлттық колөнерді және жергілікті мәдени мұраны оқу үдерісіне енгізу студенттердің рухани дүниесін байытып қана қоймай, олардың кәсіби рефлексиясын қалыптастырады (Kaminskienė et.al., 2022; Kim et.al., 2012). Өнертанымдық өлкетануды қазіргі заманғы технологиялармен кіріктіру студенттердің қолданбалы дағдыларын жетілдіруге, білімді тәжірибеде шығармашылықпен қолдана білуіне жол ашады. Бұл үдеріс болашақ педагогтерді заманауи білім беру кеңістігінің талаптарына бейімдеп, олардың ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраға сүйене отырып кәсіби қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, педагогикалық даярлықта тек мазмұндық білім ғана емес, технологияны әдістемелік тұрғыдан тиімді пайдалану қабілеті де аса

маңызды. Осы ретте Shulman ұсынған «педагогикалық мазмұндық білім» ұғымын толықтыратын Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK) үлгісі ерекше мәнге ие (Engel et.al., 2017; Hughes et.al., 2021). Бұл үлгі болашақ мұғалімдерге технологиялық құралдарды тарихи-мәдени контекспен ұштастыра қолдануға жағдай жасап, олардың кешенді кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді (Brinia, 2018; Vanada, 2017). Осыған сәйкес, зерттеу жұмысының басты мақсаты – болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетануға даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау, технологияны тарихи-мәдени мазмұнмен кіріктірудің тиімді жолдарын ұсыну және осы үдерісті жүзеге асыруға бағытталған практикалық стратегияларды әзірлеу.

Әдеби шолу. Өнертанымдық өлкетану білім алушылардың мәдениет пен өнерді түсінуін тереңдетуде маңызды рөл атқарады. Зерттеулерде оның оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететіні көрсетілген (Kaminskienė et al, 2022; Kim et al, 2012). Басқа еңбектерде жергілікті тарихи-мәдени құндылықтарды өнер білімінде қолдану студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына оң әсер ететіні айтылады. Сонымен қатар, өнертанымдық өлкетану педагогтерді кәсіби рефлексияға бейімдеп, олардың өзгермелі білім беру жағдайына бейімделуіне ықпал етеді (Engel, 2017).

Өнер тарихының рөлі туралы ғылыми пікірталастар да өзекті болып қала беруде. Кейбір еңбектерде оны дәстүрлі лекция түрінде оқыту жеткіліксіз екені, керісінше студиялық ортада тәжірибелік тапсырмалармен кіріктіре оқыту тиімді болатыны дәлелденген (Hughes, 2021). Зерттеушілер пәнаралық және тәжірибеге негізделген әдістердің студенттердің кәсіби дербестігін арттырудағы маңызын атап өтеді (Brinia et al, 2018; Dawson, 2006; Koehler, et.al. 2013).

Сонымен қатар, педагогикалық дайындықта технологияны тиімді қолдану мәселесі маңызды орын алады. TPACK үлгісін дамыту арқылы мұғалімдер технологияны тек техникалық құрал ретінде емес, мазмұн мен әдістеме тұрғысынан үйлесімді қолдануға үйренеді (Hughes, 2021; Brinia et.al., 2018). Бұл бағытта теориялық білімнің жеткіліксіздігі, оны мазмұнмен және тәжірибемен толықтыру қажеттігі баса көрсетіледі (Vanada, 2017; Napitupulu et.al., 2024; Gayuur, 2021). Сонымен қатар, педагогикалық мазмұндық білімді кеңейтіп, технологиялық аспектіні енгізудің ғылыми негіздері ұсынылған (Engel, 2017). Алайда, технологияны енгізу барысында мұғалімдер арасында «change fatigue» және «knowledge insecurity» сияқты кедергілер байқалады (Kara, 2021). Бұл мәселелерді шешу үшін технологияны тарихи-көркем контексте қолданудың нақты үлгілері қажет. Мұндай тәсіл мұғалімдердің технологияға сенімін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби дамуын да қолдайды (Özden et.al., 2024). Мұғалімдердің технологияны меңгеруі уақытты қажет етеді, сондықтан кәсіби өсу үдерісі үздіксіз жүргізілуі тиіс (Rashid, 2024).

Жобалық оқыту мен пәнаралық тәсілдерді қолдану өнертанымдық өлкетану мен технологияны кіріктіруде ерекше тиімді болып табылады. Зерттеулерде жергілікті өнер дәстүрлерін технологиямен байланыстыру арқылы студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттері дамитыны дәлелденген. Сонымен бірге, жобалық оқыту мен бірлескен зерттеу жұмыстарын мұғалім даярлығына енгізудің маңызы көрсетілген. Мұғалімдерді кәсіби даярлаудың халықаралық тәжірибесінде технологиялық құзыреттілікті дамытуға баса назар аударылууда. Зерттеулерде болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын дамыту және оны мазмұндық біліммен ұштастыру қажеттілігі қарастырылады (Ramakrishnan, et.al. 2020). Сонымен қатар, халықаралық еңбектерде білім беру саясатының жаңа талаптарын атап көрсетіп, мұғалімдерді даярлауда цифрлық дәуірге бейімделудің маңызы айқындалады.

Жалпы алғанда, әдебиеттерді талдау көрсеткендей, болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлауда өнертанымдық өлкетануды технологиялық құралдармен кіріктіру олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың пәрменді тәсілі болып табылады. Бұл бағыт мұғалімдерді тек технологияны қолданушы емес, оны тарихи-мәдени контексте шығармашылықпен үйлестіретін, жаңа оқу тәжірибесін жобалайтын кәсіби маман ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу материалдары және әдістері. Бұл зерттеу жұмысы болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетануға даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталды. Алдымен тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді іріктеу жүргізілді. Әдебиеттерді таңдау барысында педагогика, өнертану, этнопедагогика, мәдениеттану және өлкетану салалары бойынша соңғы онжылдықтағы отандық және шетелдік деректер қамтылды. Іріктеу барысында Scopus, Web of Science, ERIC деректер қорлары пайдаланылып, кілт сөздер ретінде - «еңбек педагогтері», «өнертанымдық өлкетану», «болашақ педагог», «кәсіби даярлық», «ұлттық өнер», «шығармашылық құзыреттілік» терминдері алынды.

Сауалнама. Студенттердің өнертанымдық өлкетану бойынша бастапқы даярлық деңгейін, қызығушылықтарын және кәсіби құзыреттілігін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамада өлкетану, ұлттық өнерді қолдану және шығармашылық қабілеттерге қатысты деректер жиналды.

Кесте 1 – Сауалнама сұрақтарының тізімі

Сауалнама сұрақтарының тізімі	
Өлкетануға қызығушылық	Мен туған өлкемнің тарихи-мәдени мұраларын зерттеуге қызығамын.
	Өлкетану материалдарын оқу сабақта пайдаланғанда сабақ қызықты болады.
	Өнертанымдық өлкетану кәсіби дамуыма оң әсер етеді.
	Өлкетану арқылы алған білімімді шығармашылық жұмыстарда қолдана аламын.
	Өнертанымдық өлкетану сабақтары болашақ мұғалім ретіндегі көзқарасымды кеңейтеді.

Ұлттық өнерді шығармашылықта қолдану	Шығармашылық тапсырмалар орындағанда ұлттық өнер элементтерін пайдаланамын.
	Қазақтың қолөнері мен сәндік өнерін меңгеру кәсіби шеберлігімді арттырады.
	Ұлттық өнерді сабақта қолдану студенттердің шығармашылық қабілетін дамытады.
	Ұлттық өнерді пайдалану арқылы ұлттық мәдениетті сақтауға үлес қосамын.
	Болашақ мұғалім ретінде шығармашылық жобаларда ұлттық өнерді міндетті түрде қолданамын.

Эксперименттік әдіс. Зерттеу барысында студенттердің бастапқы деңгейі (pre-test) анықталып, арнайы әдістемелік жұмыстар жүргізілгеннен кейін қорытынды деңгейі (post-test) қайта өлшенді. Бұл тәсіл енгізілген бағдарламаның тиімділігін тексеруге мүмкіндік берді.

Сандық және сапалық деректерді талдау.

Кесте 2 – Болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлауда өнертанымдық өлкетану мен тарихи-педагогикалық тәжірибелерге қатысты зерттеулердің салыстырмалы талдауы

Зерттеу	Зерттеу дизайны	Білім беру контексті	Оқыту тәсілі	Нәтижелер
Lewis, 2016	Оқыту әдістеріне бағытталған жағдайлық зерттеу	Магистратура деңгейіндегі курс ("Roots of Urban Education") – Нью-Йорк қаласындағы болашақ бейнелеу өнері мұғалімдері мен кітапханашылары үшін	Тереңдікке басымдық; Нью-Йорк қаласындағы мектептерді орынға негізделген зерттеу; тарихи ойлау дағдыларын дамытуға назар аудару	Зерттеу нәтижесі бойынша орынға негізделген оқыту мен тарихи ойлау дағдылары болашақ мұғалімдер үшін маңызды екендігі анықталды.
Powell және Lajevic, 2011	Сапалық жағдайлық зерттеу (2 жағдай)	Қалалық көркем еңбек мұғалімдерін даярлау; студенттердің тәжірибелік сабақтары	Тәжірибелік, серпінді, жауапты оқу бағдарламасы; өнер, материалдық мәдениет пен орынның интеграциясы; денелік және қатынастық таным	Зерттеу нәтижесі бойынша болашақ мұғалімдер оқу бағдарламасын органикалық, жауапты және орынға байланысты қайта қарастырады; оқыту денелік әрі қатынастық сипатқа ие; орындық тәжірибе маңызды.
Korzenik, 1985	Оқыту әдістеріне бағытталған жағдайлық зерттеу	Тарихи зерттеу курсы (Massachusetts Өнер колледжіндегі болашақ өнер мұғалімдері үшін)	Студентке бағдарланған, зерттеушілікке негізделген; материалдармен және артефактылармен тікелей жұмыс	Зерттеу студенттердің тарихи зерттеу әдістерін меңгергенін көрсетті; қолмен жасалатын, артефактқа негізделген зерттеу; күнделікті өмірмен байланысты тарих.

Zimmerman, 1994	Сипаттама-лық зерттеу/ әдеби шолу	Колледж және университет деңгейіндегі өнер мұғалімдерін даярлау бағдарламалары (жалпы сипатталған, нақтыланбаған контекст)	Көрсетілмеген	Зерттеу нәтижесі зерттеулердің жеткіліксіздігін көрсетті; пәндік мазмұнды қолдану мен сыртқы ықпалдарды талдауға бағытталған қосымша зерттеу қажеттігі айтылды.
-----------------	-----------------------------------	--	---------------	---

Алынған мәліметтер пайыздық көрсеткіштер мен орташа ұпайлар арқылы өңделді. Эксперимент нәтижелерінің айырмашылығы қарапайым статистикалық әдістер арқылы дәлелденді. Зерттеуге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің көркем еңбек мамандығының студенттері қатысты. Алдымен олардың бастапқы даярлығы анықталып, кейін өнертанымдық өлкетану негізінде жүргізілген оқыту бағдарламасының әсері тексерілді.

Нәтижелер. Болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлауда өнертанымдық өлкетану мен тарихи-педагогикалық тәжірибелерге қатысты зерттеулердің салыстырмалы талдау

Көркем еңбек педагогтерін даярлау саласындағы зерттеулер өнертанымдық және тарихи-өлкетанулық білімнің маңыздылығын айқындайды. Әсіресе, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда, ұлттық-мәдени құндылықтарды меңгеруде және кәсіби дағдыларын жетілдіруде орынға негізделген оқыту (place-based learning), тарихи зерттеу әдістері мен практикалық тәжірибелер кеңінен қолданылады. Жүргізілген зерттеулерде болашақ мұғалімдердің оқу бағдарламасын қайта пайымдауы, тарихи ойлау дағдыларын игеруі, артефактілермен жұмыс жасауы және білім беру үдерісінде ұлттық-мәдени байланыстарды пайдалана білуі басты назарда болған. Сонымен қатар, әдебиеттерде зерттеулердің жеткіліксіздігі, пәндік мазмұнды тәжірибелік тұрғыдан қолдану қажеттігі де ерекше атап өтілген.

Осы бағыттағы зерттеулер болашақ көркем еңбек мұғалімдерін кәсіби даярлауда өнертанымдық өлкетанудың маңызын айқындап, олардың шығармашылық, тарихи-мәдени ойлауын қалыптастырудың әдістемелік негізін құрайды. Әдебиеттерге жасалған талдау болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлауда өнертанымдық өлкетану мен тарихи-педагогикалық тәсілдердің ерекше маңызға ие екенін көрсетті. Зерттеулерде орынға негізделген оқыту әдістері болашақ мұғалімдердің тарихи ойлау дағдыларын дамытып, оқу бағдарламасын әлеуметтік-мәдени контекспен байланыстыруға ықпал ететіні айқындалды. Мұндай тәжірибелер білім алушылардың кәсіби даярлығын арттырумен қатар, ұлттық-мәдени құндылықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы, қарастырылған еңбектердің нәтижелері болашақ көркем

еңбек мұғалімдерін даярлау барысында тарихи-мәдени құндылықтарды меңгертудің, орынға негізделген және тәжірибелік оқыту әдістерін пайдаланудың маңыздылығын дәлелдейді. Сондай-ақ, бұл бағыт білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың шығармашылық әрі зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды. Көркем еңбек педагогтерін даярлаудың педагогикалық негіздері. Болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетануға даярлау теориясының іргетасы бірнеше ғылым салаларының тоғысында қалыптасады. Бұл бағыт педагогика, өнертану, этнопедагогика, мәдениеттану және өлкетану ғылымдарының өзара ықпалдастығы негізінде дамиды. Әрбір ғылым саласы болашақ педагогтің кәсіби даярлығына өзіндік үлес қосады. Мәселен, педагогика ғылымы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік және тәрбиелік шеберлігін қалыптастыруға бағытталса, өнертану ғылымы ұлттық және әлемдік өнердің заңдылықтарын, бейнелеу мен қолөнердің теориялық негіздерін түсіндіреді. Этнопедагогика мен мәдениеттану халықтың тұрмыс-салты, дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы мәдени-рухани құндылықтарды дәріптеуге негіз болады. Ал өлкетану туған өлкенің табиғи-географиялық ерекшелігін, тарихи-мәдени мұраларын зерделеу арқылы білім алушының туған жерге сүйіспеншілігін арттырып, елжандылық сезімін қалыптастырады.

Педагогикалық теория. Педагогика ғылымы болашақ мұғалімдерді даярлаудың іргелі әдіснамалық негізін құрайды. Әсіресе көркем еңбек педагогін даярлау үдерісінде педагогикалық теория кәсіби құзыреттілік пен тұлғалық қалыптасудың басты тірегіне айналады. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы – педагогикалық теорияның негізгі міндеттерінің бірі. Болашақ мұғалім:

- әдістемелік тұрғыдан сабақ жоспарын ғылыми негізде құра білуге;
- оқытуда заманауи технологияларды (цифрлық құралдар, интерактивті әдістер, мультимедиялық ресурстар) тиімді пайдалануға;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға, жеке дара ерекшеліктерін ескеріп, сараланған тапсырмалар ұсынуға машықтанады.

Оқыту әдістемесін жетілдіру – педагогикалық теорияның келесі маңызды бағыты. Мұнда көркем еңбек сабақтарына:

- ұлттық өнер туындыларын, дәстүрлі қолөнер үлгілерін кіріктіру;
- жергілікті табиғи және мәдени ресурстарды оқу материалы ретінде пайдалану;
- пәнаралық байланыс орнату (тарих, этнография, әдебиет, мәдениеттану пәндерімен сабақтастыру) арқылы оқу үдерісін байыту басты назарда болады. Бұл болашақ мұғалімнің әдістемелік даярлығын кеңейтіп, оқыту сапасын арттырады.

Тәрбиелік қағидаттар да педагогикалық теорияның маңызды құрамдас бөлігі. Мұнда:


- ұлттық құндылықтарға құрметпен қарау, тарихи-мәдени мұраларды дәріптеу;

– шығармашылық еркіндікті қолдау, оқушының өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беру;

– еңбекқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу қағидаттары басшылыққа алынады.

Сонымен қатар, педагогикалық теория ізгілендіру және тұлғалық-бағдарлық оқыту принциптеріне сүйенеді. Бұл болашақ көркем еңбек мұғалімінің тек білім беруші ғана емес, оқушының рухани-мәдени дамуына ықпал ететін тәлімгер болуын қамтамасыз етеді.

Өнертаным – болашақ көркем еңбек педагогінің дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, эстетикалық мәдениетін жетілдіретін басты теориялық бағыттардың бірі. Ол студенттердің ұлттық және әлемдік өнерді жүйелі түрде танып-білуіне, көркемдік талғамын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді.



Сурет 1 — Өнертанымдық теорияның негізгі бағыттары

Ұлттық және әлемдік өнерді танып білу болашақ мұғалімнің мәдени-рухани дамуының іргетасын қалайды. Студенттер қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін – зергерлік бұйымдарды, кілем тоқу, ағаш өңдеу, кесте тігу сияқты сәндік-қолданбалы өнер түрлерін меңгеріп, олардың шығу тарихын, маңызын зерттейді. Сонымен қатар, ұлттық өнердің ерекшелігін талдау арқылы халықтың дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын түсінеді. Әлемдік өнер тарихындағы негізгі стильдер мен бағыттарды (антикалық өнер, Қайта өрлеу дәуірі, классицизм, модерн, авангард және т.б.) зерделей отырып, студент көркемдік дамудың эволюциясын ұғынады. Бұл оның ой-өрісін кеңейтіп, мәдениетаралық байланыстарды бағалауға мүмкіндік береді.

Эстетикалық тәрбие – өнертанымдық даярлықтың ажырамас бөлігі. Өнер туындыларын талдау арқылы студент олардың мазмұнын, көркемдік ерекшелігін терең түсінеді, нәтижесінде ойлау мәдениеті дамиды. Әсемдікті сезіну, шығармашылық ойлау, бейнелік қабылдау дағдылары қалыптасады. Эстетикалық тәрбие алған студент өз ортасына мәдениет үлгісін көрсете отырып, болашақта оқушылардың да көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады.

Өнер мен еңбектің байланысы – көркем еңбек пәнінің басты ерекшелігі. Өнертанымдық тұрғыдан алғанда, көркем еңбек тек қана шеберлік пен қолөнер процесі емес, сонымен қатар шығармашылық ойдың жемісі ретінде танылады. Жасалған әрбір бұйым белгілі бір эстетикалық мәнге ие өнер

туындысы болып есептеледі. Осы арқылы студенттер еңбекті тек тұрмыстық қажеттілік тұрғысынан ғана емес, мәдени-эстетикалық қырынан бағалауға үйренеді. Өнертанымдық теория болашақ көркем еңбек педагогінің кәсіби даярлығында ерекше орын алады. Ол студенттің эстетикалық мәдениетін қалыптастырып, ұлттық өнерді құрметтеуге, әлемдік мәдени мұраларды бағалауға үйретеді. Сонымен бірге шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, еңбек пен өнердің тұтастығын түсінуге жол ашады. Өлкетану теориясы болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлауда ұлттық-мәдени тамырмен сабақтас, практикалық маңызы зор бағыт болып табылады. Ол студенттің туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды тануға, мәдени мұраны сақтауға және оны педагогикалық үдерісте тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Өлкетану теориясының бағыттары, мазмұны және нәтижелері

Бағыт	Мазмұны	Нәтижесі
Тарихи-мәдени құндылықтарды зерттеу	Ескерткіштер, қолөнер орталықтары, жергілікті материалдар	Білім алушының өлкетану білімі артады
Оқу-тәрбие үдерісіне енгізу	Жергілікті материалды пайдалану, ұлттық бұйымдарды жасау	Білім алушылардың ұлттық өнерге қызығушылығы дамиды
Өлкелік ерекшелікті сақтау	Өлке мәдениетін насихаттау, шығармашылық жұмыстар	Ұлттық дәстүр сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Өлкетану теориясының негізгі бағыттары үш қырды қамтиды: тарихи-мәдени құндылықтарды зерттеу, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу және өлкелік ерекшелікті сақтау мен дамыту.

Біріншіден, тарихи-мәдени құндылықтарды зерттеу болашақ көркем еңбек педагогінің өлкетану білімін арттыруға бағытталған. Білім алушылар аймақтардағы сәулет ескерткіштерін, қолөнер орталықтарын, белгілі шеберлердің еңбектерін, сондай-ақ жергілікті табиғи материалдарды зерделей отырып, ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырады.

Екіншіден, өлкетану материалдарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу көркем еңбек сабақтарының мазмұнын байытады. Жергілікті материалдарды пайдалану, ұлттық бұйымдарды жасау әдістерін үйрету және халық өнерін насихаттау арқылы білім алушылардың ұлттық өнерге қызығушылығы дамып, олардың шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Үшіншіден, өлкелік ерекшелікті сақтау мен дамыту білім алушылардың кәсіби даярлығында ерекше орын алады. Олар туған өлкесінің мәдениетін насихаттап, дәстүрлі өнерді шығармашылық жұмыстарда қолдануға дағдыланады. Бұл олардың патриоттық сезімін қалыптастырып қана қоймай, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға үлес қосуына ықпал етеді.

Осылайша, өлкетану теориясының үш бағыты болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттырып, ұлттық мәдениетті тану, сақтау және дамыту ісінде маңызды рөл атқарады.

Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің өнертанымдық өлкетану даярлығын бағалау

Зерттеу жұмысы болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің өнертанымдық өлкетану бойынша қызығушылығын және кәсіби даярлық деңгейін анықтауға бағытталды. Бұл мақсатта сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеуге университеттің көркем еңбек мамандығында оқитын студенттері қатысты.

Алдымен олардың бастапқы деңгейі (экспериментке дейін) айқындалып, кейін арнайы әдістемелік жұмыс жүргізілген соң қорытынды көрсеткіштері (эксперименттен кейін) қайта өлшенді. Жиналған деректер пайыздық көрсеткіштер мен орташа ұпайлар арқылы өңделіп, 4-кестеде ұсынылды.

Кесте 4 – Білім алушылардың сауалнама нәтижелері

Көрсеткіштер	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Өлкетануға қызығушылық танытқан студенттер	43 %	79 %
Ұлттық өнерді шығармашылықта қолдану	41 %	82 %
Орташа жалпы ұпай	56 балл	84 балл

Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің өнертанымдық өлкетану даярлығында айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Экспериментке дейін студенттердің небәрі 43%-ы өлкетану материалдарына қызығушылық танытқан болса, зерттеу соңында бұл көрсеткіш 79%-ға дейін өсті. Сол сияқты, ұлттық өнер элементтерін шығармашылық жұмыстарда қолдану деңгейі бастапқыдағы 41%-дан қорытындыда 82%-ға артты.

Орташа жалпы ұпай көрсеткіші де айқын өсу динамикасын көрсетті: экспериментке дейін студенттердің орташа балы 56 болса, эксперименттен кейін ол 84-ке жетті. Бұл деректер болашақ мұғалімдерді өнертанымдық өлкетану арқылы даярлау әдістемесінің тиімділігін дәлелдеп, олардың кәсіби құзыреттілігінің артқанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетану негізінде даярлаудың маңыздылығын айқын көрсетті. Жүргізілген жұмыс барысында студенттердің туған жердің тарихи-мәдени мұрасына деген қызығушылығы артып, ұлттық өнер элементтерін шығармашылық тапсырмаларда пайдалану деңгейі едәуір өсті. Орташа көрсеткіштердің айқын жақсаруы бұл әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеп, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен мәдени-шығармашылық құзыреттілігінің жоғарылағанын көрсетті.

Жалпы алғанда, өнертанымдық өлкетануға негізделген даярлық болашақ педагогтердің кәсіби қалыптасуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетті дәріптеуші әрі сақтаушы тұлға ретінде дамуына ықпал ететіні анықталды. Бұл тәсіл заманауи білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың өзекті бағыты болып табылады.

Талқылау. Бұл зерттеудің нәтижелері бастапқыда қойылған зерттеу

сұрақтары мен теориялық негіздерге сүйене отырып талқыланды. Алынған мәліметтер болашақ мұғалімдерді даярлауда өнер тарихына негізделген өлкетануды технологиялық құзыреттермен кіріктірудің айрықша әлеуетін көрсетеді. Мұндай пәнаралық тәсіл педагогикалық тәжірибелерді байытып қана қоймай, студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуын арттырып, оқытудың контекстуалды әрі мағыналы болуына ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу барысында технологияны кіріктірудің басты жетістігі ретінде студенттердің трансформативті оқу тәжірибелері байқалды. Болашақ мұғалімдер оқыту үдерісінде технологияны қолдану туралы бастапқы көзқарастарын қайта қарастырып, оны тек құрал ретінде емес, педагогикалық өзгерістерге жол ашатын және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын ресурс ретінде қабылдай бастады. Бұл жағдай олардың технологияны қолданудағы өзіндік тиімділігін (self-efficacy) дамытуға тікелей әсер етті. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері технологиялық құзыреттіліктің тек құралды меңгерумен шектелмейтінін, мұғалім үшін оның педагогикалық құндылығын терең түсіну қажет екенін айғақтайды. Бұл тұжырым Lambert пен Lane еңбектерінде атап өтілгендей, технологияны білім беру үдерісінің өзгеріс тетігі ретінде қарастыруды талап етеді.

Алайда зерттеу барысында белгілі бір қиындықтар да кездесті. Біріншіден, институционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі технологияны тиімді енгізуге елеулі кедергі болды. Тек жеке мұғалімнің құзыреттілігі жеткіліксіз, оған қолайлы жүйелік инфрақұрылым, материалдық-техникалық база және әдістемелік қолдау қажет. Бұл Panakaje және әріптестері атап өткендей, білім беру мекемелерінде инновация мен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді. Жалпы, зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында пәнаралық тәсілдерді енгізудің маңыздылығын және технологияны оқыту тәжірибесіне тиімді кіріктіру үшін институционалдық қолдау мен педагогикалық түсініктің қатар дамуы қажет екенін айқындайды. Мұндай жағдай ғана білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай жаңғыртып, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін нығайта алады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнертанымдық өлкетану негізінде даярлау олардың кәсіби және мәдени-шығармашылық құзыреттілігін дамытуда аса маңызды рөл атқаратынын айқын көрсетті. Зерттеу барысында студенттердің туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасына деген қызығушылығы айтарлықтай артып, ұлттық өнер элементтерін шығармашылық жұмыстарда пайдалану деңгейі екі есеге жуық өсті. Орташа жалпы ұпайдың 56-дан 84-ке дейін көтерілуі қолданылған әдістемелік жүйенің тиімділігін нақты дәлелдейді. Өнертанымдық өлкетануды педагогикалық даярлық үдерісіне енгізу студенттердің рухани дүниесін байытып қана қоймай, олардың кәсіби құзыреттілігін, тарихи-мәдени ойлауын және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар, ұлттық

өнерді заманауи технологиялармен кіріктіре оқыту студенттердің қолданбалы дағдыларын дамытып, білім беру кеңістігінің өзгермелі талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтерді даярлауда тек кәсіби-пәндік біліммен шектелмей, оларды ұлттық құндылықтарды сақтаушы және шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған тұлға ретінде қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдеді. Институционалдық қолдау, инновациялық әдістемелер және пәнаралық тәсілдер болашақ көркем еңбек мұғалімдерін даярлаудың табысты жүзеге асуына ықпал етеді.

Осылайша, өнертанымдық өлкетану болашақ педагогтердің кәсіби дамуы мен ұлттық мәдениетті дәріптеуіне негіз болатын пәрменді бағыт болып табылады. Бұл тәсіл заманауи білім беру жүйесінде шығармашыл, кәсіби құзыретті және рухани бай мұғалімдерді қалыптастырудың кепілі екені анықталды.

References

- Brinia V., Giannimara R., Psoni P., & Stamatakis G. (2018) Teacher Education through Art: How to Teach Social Sciences through Artwork – The Student-Teachers' Views. *Global Journal of Educational Studies*, 4(1). — 57 p. <https://doi.org/10.5296/gjes.v4i1.12607> (in Eng.)
- Dawson K. (2006) Teacher Inquiry. *Journal of Research on Technology in Education*, 38(3). — 265 p. <https://doi.org/10.1080/15391523.2006.10782460> (in Eng.)
- Engel B. (2017) Potential of Aesthetic Experiences in the Field of Teacher Education. In De Gruyter eBooks. —133 p. De Gruyter. <https://doi.org/10.1515/9783110528329-022> (in Eng.)
- Gayyur T.S. (2021) Exploring TPACK skills of prospective teachers and challenges faced in digital technology integration in Pakistan. *Journal of Development and Social Sciences*, 2. — 226 p. [https://doi.org/10.47205/jdss.2021\(2-iv\)19](https://doi.org/10.47205/jdss.2021(2-iv)19) (in Eng.)
- Hughes B. (2021) Imaginary museums: A new approach to the learning and assessment of design history. https://doi.org/10.21606/drs_lxd2021.02.219 (in Eng.)
- Kaminskienė L., Järvelä S., & Lehtinen E. (2022) How does technology challenge teacher education? *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 19(1). <https://doi.org/10.1186/s41239-022-00375-1> (in Eng.)
- Kim C., Kim M.K., Lee C.-J., Spector J.M., & DeMeester K. (2012) Teacher beliefs and technology integration. *Teaching and Teacher Education*, 29. — 76 p. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2012.08.005> (in Eng.)
- Koehler M.J., Mishra P., & Cain W. (2013) What is Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK)? *Journal of Education*, 193(3). —13 p. <https://doi.org/10.1177/002205741319300303> (in Eng.)
- Kara S. (2021) An Investigation of Technological Pedagogical and Content Knowledge (TPACK) Competencies of Pre-Service Visual Arts Teachers. *International Journal of Technology in Education*, 4(3). — 527 p. <https://doi.org/10.46328/ijte.184>
- Korzenik D. (1985) Doing historical research. *Art Education*, 38(3), 33–39. <https://doi.org/10.2307/3193006> (in Eng.)
- Lewis, H. (2016). Future teachers and historical habits of mind: A pedagogical case study. *History of Education Quarterly*, 56(1). — P. 96–120. <https://doi.org/10.1111/hoeq.12106> (in Eng.)
- Napitupulu M.H., Muddin A., Bagiya B., Diana S., & Rosyidah N.S. (2024) Teacher Professional Development in the Digital Age: Strategies for Integrating Technology and Pedagogy. *Global International Journal of Innovative Research*, 2(10). — 2382 p. <https://doi.org/10.59613/global.v2i10.334> (in Eng.)
- Özden Ş.Y., Yang H., Wen H., & Shinas V.H. (2024) Reflections from a teacher education course

built on the TPACK framework: Examining the impact of the technology integration planning cycle on teacher candidates' TPACK development and practice. *Social Sciences & Humanities Open*, 9. — 100869 p. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.100869> (in Eng.)

Powell K., & LaJevic L. (2011) Emergent places in preservice art teaching: Lived curriculum, relationality, and embodied knowledge. *The Journal of Social Theory in Art Education*, 31. — P. 267–287. <https://doi.org/10.1080/00393541.2011.11651704> (in Eng.)

Rashid A. (2024) Untitled. <https://doi.org/10.55277/researchhub.vq5dnd6h> (in Eng.)

Ramakrishnan R., Salleh N.M., & Alias A. (2020) The Level of Special Education Teachers' Technological Pedagogy and Content Knowledge, Teaching Style, Self-efficacy and Competency. *Universal Journal of Educational Research*, 8. — 89 p. <https://doi.org/10.13189/ujer.2020.082111> (in Eng.)

Vanada D.I. (2017) Teaching for the Ambiguous, Creative, and Practical: Daring to be A/R/ Tography. *Art/Research International: A Transdisciplinary Journal*, 2(1). — 110 p. <https://doi.org/10.18432/r27h09> (in Eng.)

Zimmerman E. (1994) Current research and practice about pre-service visual art specialist teacher education. *Studies in Art Education*, 35(2). — P. 79–89. <https://doi.org/10.1080/00393541.1994.11650456> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.